

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕР ӘЛЕМІ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ПАРАМЕТРЛЕРІ

Усентаев Мурат Белтайұлы

usentaev@list.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Альпеисов А.К

КСРО ыдырағаннан кейін әлемнің жаңа саяси картасында бірден бес түркітілдес мемлекеттер құрылды. Сонымен қатар, әлемдік геосаясатта "Түркі әлемі" деген ұғымның маңыздылығы көріне бастады. Өйткені бір уақытта бірден екі өңірде – Еуропа мен Азияда орналасқан ауқымды түркі кеңістігі пайда болды. Бұл халықтардың тарихы, салты, мәдениеті мен діні ортақ болғандықтан, өзара ынтымақтастықты дамытуға үлкен мүмкіндіктері бар еді. Алайда, мемлекеттердің қарым-қатынастары жақсы болғанына қарамастан, бірден ортақ бірлестік құра алмады. Тек осыдан 14 жыл бұрын ғана «Түркі кеңесі» құрылды. Біраз жылдардан соң Өзбекстан кеңеске мүше болып, қазіргі таңға дейін жалпы 11 саммит өткізілді. Оның 8-ші кездесуінде «Түркі кеңесі» деген атау «Түркі Мемлекеттерінің Ұйымы» болып өзгертілді[1].

Осыған орай, бірлестіктің қарқынды өсуі – әлемдегі геосаяси тұрақсыздықпен қатар дамуда. Бұрынғы КСРО-дан таралған мемлекеттер үшін көптеген мүмкіндіктер ашылады. Мысалы, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бастап көпвекторлық саясатты ұстанған болатын. Бірақ тығыз интеграциялық үрдістерде Ресейлік бағытқа көбірек байланып қалды. Оған мысал ретінде ЕАЭО алсақ – бұл тікелей Ресейдің мүддесіне қызмет етіп жатыр. Тіпті, соңғы Украинада болған жағдайды қарастырсақ, Ресейге жасалып жатқан санкциялар одақ мүшелеріне үлкен зиянын тигізуде. Бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ басқа Орта Азия мемлекеттеріне де қатысты. Осының негізінде, мәдениеті, тілі мен тарихы ортақ түркі мемлекеттері өзара қарым-қатынасты дамытып, интеграцияның өрлеуіне ықпал жасау қажет. Ал Түркия үшін саяси тұрғыда ықпал ету аймағы кеңейсе, экономикалық бағытта үлкен нарық ашылады.

Әлемнің тұрақсыз геосаяси жағдайы көптеген халықаралық ұйымдардың әлсіреуіне ықпал етті. БҰҰ секілді алып әмбебап ұйымның өзі Украинадағы дағдарысты шешу әрекеттері өте әлсіз. Қаншама шешімдер мен резолюциялар шыққанымен, айтарлықтай жетістіктерге жете алмауда. Осындай әлемнің тұрақсыз кезеңінде көпнесе аймақтық ұйымдардың белсенділіктері артады. Халықаралық аренада өз мүддемізді сақтап қана қоймай, талаптарымызды көрсету үшін басқа елдермен бірлесе әрекет еткен ең оңтайлы шешім екенін байқадық. Қазақстан және жалпы түркі елдері үшін жақынды құрылған Түркі Мемлекеттері Ұйымы (ТМҰ) шеңберіндегі өзара ықпалдастығы үлкен жетістіктерге жету үшін түрлі мүмкіндіктер ашылатыны түсінікті.

Интеграциялық үрдістердің дамуы тікелей мемлекеттердің мүдделері мен мақсаттарына байланысты дамиды. Неғұрлым олардың мұраттары көп тоғысса, соғұлым ортақ байланыстар нығая береді. ТМҰ елдерінің арасында ондай концепция күн өткен сайын күшейіп келуде.

1990-шы жылдарға қарағанда қазіргі халықаралық аренада болып жатқан жағдай өзгеше. Тіпті сол 2009 жылы Нахичевань келісімінен кейін де, бұл бірлестік көбіне

әлеуметтің-мәдени секторларына көбірек мән берді. Соңғы 3-4 жылдың ішінде ғана бұл бірлестіктің жаңа демі ашылғандай болып, басқа да маңызды бағыттарға көңіл бөле бастады. Қазір экономика салмақты бағыттарының біріне айналуға.


ТМҰ-на мүше елдерінің тарихы мен мәдениеті, тілі мен діні ортақ болғанына қарамастан, олардың ұлттық және аймақтық қызығушылықтары ерекшеленеді. Барлығының ортақ мақсаттарының бірі – сауда, энергетика, туризм және қауіпсіздік екенін аңғара аламыз. Сонымен қатар, саяси тұрғыда халықаралық мәселелер бойынша бірлесе әрекет ету арқылы әртүрлі форумдарда өз ұстанымдарымен түркі әлемінің мүдделерін ілгерілетуге мүмкіндіктер ашылады. Жалпы мемлекеттердің кейбір мүдделері ұқсас болмағанымен, олар өзара қайшылыққа алып келмейді. Бұл дегеніміз, мүдделердің әртүрлі болуына қарамастан ортақ мақсат үшін жұмыс жасауға болатынын көрсетіп отыр.

Кесте 1 - Түркітілдес мемлекеттерінің интеграциялануына SWOT-талдау

| S (Күшті тұстары) | W (Әлсіз тұстары) |
|--|---|
| 1. Мүше мемлекеттерінің мәдени бірегейлігі 2. «Ұлы Тұран» идеясының болуы 3. Халықтардың қолдауы 4. Логистикалық жолдардың ұқсастығы | 1. Мүше мемлекеттер арасындағы шағын конфликтілер 2. Географиялық орналасуы 3. НАТО мен ҰҚШҰ-ның ықпалы 4. Авторитарлық жүйе 5. Туркияның бағыт тандауында нақтылықтың болмауы 6. Түркменстанның жабық саясаты |
| O (Мүмкіндіктері) | T (Қауіптері) |
| 1. Экономикалық даму 2. Халықтың еркін қозғалысы 3. Туризмнің дамуы 4. Мұхитқа шығу мүмкіндігі 5. Әскери потенциалдың күшеюі 6. Ресей, Қытай, АҚШ пен Иран үстемдігінің төмендеуі 7. Түркі әлемінің кеңеюі 8. Альтернативтік бағыттың пайда болуы | 1. Ресей мен Қытайдың қарсылығы (құрамындағы автономиялар) 2. Ұйымда Туркияның гегемониясы 3. Ұлтүстемділіктің пайда болуы |
| Кесте автормен құрастырылған. Осындай дереккөз негізінде[2][3] жасалған | |

SWOT-талдауды қорытындылай келе, күшті тұстары мен мүмкіндіктері және әлсіз тұстары мен қауіптері шамамен тең екені байқалады. Дәлірек айтсақ, 10:9. Ал жалпы алғанда, егер ұйымның терең интеграцияланса мүмкіндіктері өте көп. Соған қарамастан қауіптерінде ескеруіміз керек. ЕАЭО-қа қарағанда ТМҰ Қазақстан және Қырғызстан үшін әлде қайда ұтымды болып келеді. Түркияға да бұл аймақ қызықтыратыны сөзсіз. Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс, осы аймаққа назар салуына мүмкіндік жасап отыр.

Түркі әлемі үшін интеграциялық жолының экономикалық аспектісі маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ұйымның экономикалық дамуын қарастырмастан бұрын мүше елдердің экономикалық жағдайын бағалап алу керек.




■ Түркия ■ Қазақстан ■ Өзбекстан ■ Әзербайжан ■ Қырғызстан

Ескерту - дереккөз негізінде [4] жасалып, автормен құрастырылған.

Сурет 1 2022 жылы ТМҰ-дағы мүше мемлекеттердің ЖІӨ (пайызбен)


Өзбекстан Республикасының «Даму стратегиясы» орталығының мәлімдемесі сүйенетін болсақ, номиналды жалпы ішкі өнім бойынша ТМҰ әлемдік топ 20 экономикасына кіретін болады, бірақ мүшелердің үлесі бірдей емес. Мұнда басты мемлекеттер Түркия мен Қазақстан. Басқа мүшелердің жалпы үлесі 12%-дан аспайды. Ең төмен көрсеткішті Қырғызстан екенін көріп отырмыз, яғни 8,5 млрд долл. құрайды. Ұйымның локомативі Түркия, оның үлесі шамамен 72%, яғни 815,3 млрд долл. құрайды. Түркия соңғы жылдардағы дағдарысты санамағанда экономикасы әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың бірі болып табылады. Екінші мемлекет ретінде Қазақстан – оның жалпы үлесі жобамен 17% құрап отыр, бұл дегеніміз 190,8 млрд долл. Ал Өзбекстанның көрсеткіші 69,2 млрд долл. болса, Әзербайжанныңкі 54,6 млрд долл. көрсетеді. Жалпы алып қарасақ, ТМҰ-ға мүше елдер экономикалық салада жан-жақты ынтымақтастыққа ұмтылуда. Жалпы қарастырсақ, елдерінің экономикасы қазіргі уақытта 1 триллион АҚШ долларынан асады немесе әлемдік ЖІӨ-нің 1,2% құрайды. Әртүрлі пікірлер бойынша Түркияның сыртқы саясаты үшін түркі әлеміне айтарлықтай қызығушылығы жоқ деп санайды. Осыған орай кезекті сұрақ пайда болады: Жалпы Түркияның тәуелсіз түркі елдерімен экспорт және импорт көлемінің жағдайы қалай? Бұны бағалау үшін келесі **2 және 3 суретке** назар аударайық.



Осындай дереккөз негізінде[5] жасалып, автормен құрастырылған.

Сурет 2 Түркияның ТМҰ-ға мүше елдердің 2005-2020 жж. экспорты (млн. АҚШ доллармен)

Жоғарыдағы ақпаратқа мән беретін болсақ, Түркияның мүше мемлекеттеріне экспорты жыл сайын артуда. Кейбір мемлекеттерде бір қалыпты өсім болса (Қазақстан, Қырғызстан), басқаларында бірден еселеп артқан (Өзбекстан, Әзербайжан, Түркменстан). Ал жалпы ең төмен көрсеткішті Қырғызстанда байқалады. Мұның себебі, Қырғызстанның халқы саны аз және ЖІӨ-і мүше мемлекеттермен салыстырғанда төмен болғандықтан деп санаймыз. Әр мемлекеттерге жеке жеке тоқала кетсек, Қазақстанда 2005 жылдан 2020 жылға дейін Түркияның экспорты шамамен 2 есе өскен. Өбекстанға салынған экспорттың мөлшері 2015-2020 ж.ж. бірден артуының себебі саяси режимнің ауысуы, яғни Шавкат Мирзиёев билік басына келуінен болып отыр. Әзербайжан қазіргі уақытта Түркиямен өте тығыз қарым-қатынаста. Таулы Қарабах қақтығысының тәтижесінде екі тарап арасында бірталай ынтымақтастық келісімдер жасаған болатын. Жоғарыдағы диаграммада байқағанымыздай ең үлкен көрсеткіш (2020) Әзербайжанда.



Осындай дереккөз негізінде[5] жасалып, автормен құрастырылған.

Сурет 3 Түркияның ТМҰ-ға мүше елдерінен 2005-2020 жж. импорты (млн. АҚШ доллармен)

Қазақстан, Өзбекстан және Әзербайжанның Түркияға импорты Қырғызстан мен Түркменстанға қарағанда көбірек екені байқалады. Мүше мемлекеттер арасында 2005-2010 жылдарда басты импорт Қазақстанның еңшісінде болса, 2015-2020 жылдары Әзербайжанда. Қырғызстанның импорты ең төмен көрсеткішті көрсетуде. Барлық мемлекеттерде 2010 жылдан бастап Түркияға импорт мөлшері еселеп артқан (Қырғызстаннан басқа). Оның себебі, 2009 жылы 3-ші қазан «Түркі Кеңесі» құрылған болатын. 2015 жылы Қазақстан мен Өзбекстанның импортының төмендеуі ұлттық валюталарының құнсыздануына байланысты болып отыр. Ал бірқалыпты иморттың көтерілуі Әзербайжан мен Қырғызстанда байқалады. Екі мемлекеттің бір-бірінен айырмашылығы – Әзербайжанда қарқынды түрді өсіп бара жатса, Қырғызстанда процесс баяу жүруде. Толық картинаны қарасақ, иморттың арттып жатқаны көрінеді.

Қорытындылай келе, Бүгінгі күні түркі әлемі үлкен өзгерістерге ұшырап, белсенді түрде өзара ынтымақтастықты дамытуда. Кеше ғана тәуелсіздігін алған түркі мемлекеттері болашаққа нық қадам басып, әлемдік сахынада өз орнын тапты. Өзіне бауырлас елдердің тәуезсіздігін асыға күткен Түркия қазіргі таңда жалғыз емес екенін түсініп, түркі әлемімен жан-жақты қарым-қатынастар орнатып, діттеген мақсаттарына жетуде. Әлемдік және ішкі

сын-қатерлерді бірге жеңеміз деген ұрынмен көптеген жобалар мен бағдарламалық құжаттарға қол қойды.

Әлемде халық саны бойынша 9-шы орынды, ал аумағы жағынан 7-ші орынды құрайтын географиялық территорияны алып жатқан түркі әлемінің өзара қарым-қатынасы бірқатар кедергілермен бетпе-бет кездесті. Ал жалпы айтатын болсақ, статистикалық мәлеметтердің көмегімен-ақ, соңғы 2-3 жылда көптеген маңызды салалар бойынша өсім көрсетілгенін түсіндік. Ұйым мүше-мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізді және алдағы жылдары одан да кеңірек интеграция үшін әлеует бар екенін дәлелдеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Түркі мемлекеттер ұйымының ресми сайты: Zirveler. [эл. ресурс] URL: <https://www.turkicstates.org/tr/zirveler>
2. Парубочая Е.Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе. // Грамота, 2016. № 6(68): в 2-х ч. Ч. 1. С. 147-151. ISSN 1997-292X.
3. Чем России грозит создаваемый Анкарой «Союз тюркских государств»? // Рамблер. – 2021. [эл. ресурс] URL: <https://news.rambler.ru/troops/47113017>
4. Тенденции экономического сотрудничества со странами-членами Организации тюркских государств. // Yuz.uz. – 2022. [эл. ресурс] URL: <https://yuz.uz/ru/news/tendentsii-ekonomicheskogo>
5. ŞEYBAN S. Türkiye'nin Orta Asya türk devletlerine yönelik politikaları: iki taraflı ve çok taraflı ilişkilerde dönüşen iş birliği. // Karabük Üniversitesi. – 2022. [эл. ресурс] URL: <http://acikerisim.karabuk.edu.tr:8080/xmlui/bitstream/handle/123456789/2368/10513169.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

UDC 327.7

INTERNATIONAL FINANCIAL INSTITUTIONS: RESPONSE TO COVID-19 PANDEMIC

Shakhzadayev Rakhim Maratuly

ramu99@mail.ru

Master of Arts (International Relations)

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

International Financial Institutions are basically established by two or more states and considered as subject of international laws as international financial institutions. Also, stakeholders of these IFIs are generally national governments; however other international institutions and other organizations may also be in such roles in some cases.

There are different types of IFIs; they are multilateral development banks, Bretton Woods institutions, regional development banks, bilateral development banks. The first, multilateral development banks are created by several countries and its membership includes both countries of the 1st world (that function as donors) and the 2nd world (that borrow). These IFIs centralize on development projects which they finance through long term loans and grants. For example: World Bank, Asian Development Bank, New Development Bank etc. The second, Bretton Woods